

Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіретін ұйымдардан конкурсты ұйымдастырушылар сатып алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің 2004 жылға арналған номенклатурасы мен олардың көлемі (пайызбен көрсеткенде) туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 қарашадағы N 1114 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 27-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіретін ұйымдардан конкурсты ұйымдастырушылар сатып алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің 2004 жылға арналған номенклатурасы бекітілсін.

2. Конкурстарды ұйымдастырушылар осы қаулыға қосымшада санамаланған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіретін ұйымдардан мемлекеттік сатып алуды осы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жалпы көлемінің 30 пайызынан кем емес көлемде заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

7

қ а р а ш а д а ғ ы

N 1 1 1 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіретін ұйымдардан конкурсты ұйымдастырушылар сатып алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің 2004 жылға арналған номенклатурасы

1. Азық-түлік тауарлары:

1) нан, нан-тоқаш өнімдері;

2) макарон өнімдері;

3) консервіленген ет;

- 4) шұжық өнімдері.
2. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар:
 - 1) тігін өнімдері;
 - 2) тоқыма өнеркәсібінің өнімдері;
 - 3) арнайы киім;
 - 4) теріден тігілген киімдер және оның керек-жарақтары, тері бас киімдер;
 - 5) төсек-орын керек-жарақтары;
 - 6) электр-техникалық бұйымдар;
 - 7) көлік құралдары, ауыл шаруашылығы машиналары мен тракторлар үшін қосалқы бөлшектер (сүзгіштер, электр сымдары, щөткелер);
 - 8) пластмасса, металл, былғары бұйымдары;
 - 9) мал байлайтын шынжыр;
 - 10) рабца торкөзі;
 - 11) тұрмыс, мектеп және кеңсе жиһазы;
 - 12) кеңсе тауарлары;
 - 13) құрылыс материалдары:
тротуар такталары;
ағаш бұйымдары;
шегелер;
 - терезе және есік жақтаулары;
 - 14) қылқалам-щөтке бұйымдары;
 - 15) тығындау бұйымдары;
 - 16) қатырма қағаз бұйымдары.
3. Қызмет көрсетулер:
 - 1) аяқ киім тігу және жөндеу;
 - 2) полиграфиялық;
 - 3) салт-ғұрыптық;
 - 4) жарнама-ақпарат, баспа қызметтерін көрсету;
 - 5) күрделі тұрмыстық техниканы жөндеу.